

9. Кузнецов, В.А. Краудфандинг: актуальные вопросы регулирования / В.А. Кузнецов. – «Деньги и кредит». – 2017. – № 1. – С. 65–73

10. Гражданский кодекс Республики Беларусь [Электронный ресурс]: 7 декабря 1998 г., № 218-3: принят Палатой представителей 28 ноября 1998 г.: одобрен Советом Респ. 19 ноября 1998 г.: в ред. Закона Респ. Беларусь от 05.01.2021 г. // ЭТАЛОН. Законодательство Республики Беларусь / Нац. центр правовой информ. Респ. Беларусь. – Минск, 2021.

11. О предоставлении и использовании безвозмездной (спонсорской) помощи: Указ Презид. Респ. Беларусь от 01 июля 2005 г. №300 // pravo.by [Электронный ресурс] / Нац. центр правовой информ. Респ. Беларусь. – Минск, 2016. – Дата доступа: 28.10.2021.

12. Кузнецова, О. А. Экономико-правовая природа и правовая форма краудфандинговых отношений // Пермский юридический альманах. – 2019. – № 2. – С. 473–483.

ЗАҢ ШЫҒАРУ ПРОЦЕСІНІҢ ТҮСІНІГІ ЖӘНЕ МӘНІ

Есентаева А.Е., Академик Е.А. Бөкетов атындағы ҚарУ, заң факультетінің I курс магистранты

Ғылыми жетекші - Ботагарин Р.Б., Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, PhD, доцент

Қазақстандық қоғамның дамуына тән ерекшелік - мемлекеттік билік бөлінісі қағидасына сәйкес құрылған заң шығарушы билік, оның жүзеге асыратын қызметі мен сол заңдарды орындауда атқарылатын шаралардың тиімділігімен байланысты. Құқық шығармашылық заң, құқықтық нормаларды қабылдау, олардың өзгерту, күшін жою немесе өзгерту қалыптастыруды қамтитын мемлекеттің қызметтің маңызды аспектілерінің бірі болып табылады. Әрбір мемлекеттік заң шығару қызметінде өз ерекшеліктері бар, бірақ барлық жерде ол қоғамда қалыптасқан түрлі қарым-қатынастарды реттейтін құқықтық ережелердің бірыңғай, іштей келісілген және дәйекті жүйесін құру және жетілдіруге бағытталған.

Құқықшығармашылық сұрақтары әрдайым осы сала зерттеушілерінің назарын аудартып келгені белгілі. Құқықшығармашылық - мемлекеттік қызметтің маңызды

аспектілерінің бірі, оның қызметінің нысаны, оның тікелей мақсаты - құқықтық нормаларды қалыптастыру, оларды өзгерту, жою немесе толықтыру. әрбір мемлекеттік заң шығару қызметіне өз ерекшеліктері бар, бірақ барлық жерде ол қоғамда қалыптасқан түрлі қарым-қатынастарды реттейтін құқықтық ережелердің бірыңғай, іштей келісілген және дәйекті жүйесін құру және жетілдіруге бағытталған.

Қазақстан Республикасында соңғы жылдары болған түбегейлі өзгерістер заң шығару процесіне жаңашылдықтарды енгізді. Бұл 1995 жылғы қабылданған Конституцияның аясында қос палаталы Парламенттің мақұлдануымен атап өтіледі [1].

Қазақстан Республикасы құқықтық мемлекетті қалыптастыру жолында шешілуі қажет көптеген мәселелермен бетпе бет келді, олардың бірі қазақстандық қоғамның қызметі мен дамуының міндеттеріне неғұрлым сәйкес келетін жаңа заңнаманы қалыптастыру мәселесі болды.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасының тәуелсіздік жылдары аралығында қоғамдық қатынастардың негізгі түрлерін реттейтін заңнама толық қалыптасқан және бүгінгі міндет – оларды дамытып, оңтайландырып, тиімділіктерін арттыру болып табылады. Бұл мәселені шешу өз кезегінде заңнамалық процесті одан әрі жетілдіру қажеттілігімен байланысты.

Қазақстан Республикасында заң шығару билігін жүзеге асыратын ең жоғары өкілді орган болып Қазақстан Республикасының Парламенті табылады [2]. Бұл билік тармағы Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес құрылған болатын.

Заң шығару процесінің тиімділігі мәселесі бүгінгі күні барлық салалардың жаңаруына алып келген қазақстандық заңнама жүзеге асырған ірі көлемді құқықтық реформалар кезінде ерекше өзектілікке ие болып отыр. Заңнаманы дамытудың сандық және (бүгінгі күнге дейін мыңға жуық заңдар қабылданған) сапалық көрсеткіштері арасындағы сәйкессіздік мәселесі де өзекті болып табылады.

Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Н.Назарбаев өзінің «Елдегі жағдай және 2002 жылғы ішкі және сыртқы саясаттың негізгі бағыттары туралы» атты жыл сайынғы Қазақстан халқына Жолдауында заң шығару қызметіндегі мәселелерге тоқталып өткен болатын [3]. Сол кезде Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті алдағы онжылдықтарда биліктің үш тармағы арасындағы тиімді өзара іс-қимыл жүйесін құруды жалғастыру қажеттігін атап өтеді, бұл, әрине, заңнамалық процестің тиімділігіне және заңның

қолданылуына, сондай-ақ заң шығарудағы жауапкершілікке әсер етеді.

Заң шығару процесін одан әрі демократияландыру қажеттілігін ескере отырып біз азаматтар мен олардың бірлестіктерінің заңдарды қабылдау процесіне қатысу нысандарына, соның ішінде, заң жобаларын лоббилау және қоғамдық сараптау институтына ерекше назар аударамыз.

Заңнамалық актілерді жасау – құқық шығармашылығының бір түрі. Алайда заң шығарушылық өзінің ғылыми әзірлемелерінің мақсаттылығын және қажеттілігін анықтайтын бірқатар ерекшеліктерге ие.

Ең бастысы, сөз нормативтік құқықтық актілер жүйесіндегі жоғары құқықтық күшке ие заңдарды дайындау және қабылдаудың ерекшелігі жөнінде болып отыр. Бұл біз заң шығару мәселелерін зерттеу барысында құқықтық мемлекет құрудың ажырамас шарты ретіндегі заң үстемдігі қағидасының маңызы мен әрекетін толық әрі жан-жақты аша алуымызды білдіреді.

Заң шығарушылық күрделі әлеуметтік құбылыс ретінде өзіне әрқашанда мемлекеттанушы ғалымдардың назарын аударып келген. Дегенмен де, құқықшығармашылық, заң шығармашылық түсінігі туралы, олар қамтитын құбылыстар мен процестер, заңнамалық және заң шығарушылық процестерінің ара қатынасы туралы сұрақтар бүгінгі күнге дейін пікірталастар тудыруда.

Заң шығармашылық процестің мәні мен оның құқықтық реттеу процесіндегі рөлін анықтау бойынша пікірлердің барлығын жалпылай келе оның анықтамасына байланысты екі негізгі ғылыми көзқарасты көрсетуге болады.

Олардың біріншісі кең ауқымды ретінде сипатталуы мүмкін. Кең ауқымдағы түсінік жақтаушылары заң шығармашылық процесі тек нормативтік актілерді қабылдаумен шектеліп қана қоймайды, ол белгілі бір қоғамдық қатыстардың құқықтық реттелуінің қажеттілігін анықтау, реттеу бағыты мен сипаты, нормативтік актіні дайындау сияқты бірқатар процестердің шеңберін қамтиды. А.Нашиц: құқықшығармашылыққа деген кешенді көзқарас материалдық факторлардың санаға және одан құқықтық нормаларға ауысуын жүзеге асыратын құқықты қалыптастыруға қатысатын әртүрлі құбылыстар арасындағы нақты байланыстарды дамытуды талап етеді деп санайды [4].

Алайда, кең ауқымдағы түсінік жақтаушылары заң шығармашылық процес бастауының өзіндік көзқарасын алға ұстанады. Төменде құқықшығармашылық процесіне қатысты әртүрлі зерттеушілердің көзқарастарын қарастыра келе, бұл ережелердің құқықшығармашылық процестің негізгі түрі ретінде заң шығармашылық процесіне де қолданылатынын айта кеткен жөн.

Кейде құқықшығармашылық процесінің бастауы ретінде нормативтік актінің жобасын дайындау саналады. Осындай түсінік негізінде және одан да кең ауқымды болып И.Л. Дюрягин мен А.С. Пиголкиндер ұсынған құқықшығармашылық процесі кезеңдерінің жіктелуі табылады. Авторлар екі негізгі құқықшығармашылық кезеңдерін атап өтеді:

«Бірінші – мемлекет еркінің алдын ала қалыптасуы, сырттай нормативтік акті жобасын құрудан көрінеді. Бұл жағдай әзірлік сипатына ие және тікелей құқықтық нормаларды тудырмайтын әрекеттерден тұрады. Ол актіні қабылдаудың алғышарты бола тұра кейінгі сатылар үшін негізді қалыптастырады. Осы жерде бірқатар дербес кезеңдерді бөліп көрсетуге болады: акт жобасын әзірлеу туралы шешім қабылдау, жобаны дайындау, оны талқылау, келістіру және толықтыру.

Екіншісі – құқық нормасына ресми түрде мемлекет еркін білдіру, яғни нормативтік актіні шығару. Құқық шығармашылық процесінің осы кезеңінде құқықшығарушы органның өз қызметі шешуші мәнге ие болады. Мұнда біз құқық шығарушы органның жобаны талқылауға ұсынуын, жобаны тікелей талқылау, нормативті актіні қабылдау және оны жариялауды жатқызамыз».

Ал зерттеуші Д.А.Керимов болса «заң шығармашылық оның негізгі үш құрамының органикалық біртұтастығымен сипатталады» дейді: таным, әрекет және нәтиже. Осы үшеуі заң шығармашылықтың салыстырмалы аяқталған циклын білдіреді, осыдан кейін осы жүйенің бүтіндігін құрайтын ұқсас циклдар орын алатынын айтады [5].

Осылайша, заң шығармашылық процесінің қорытындысы болып заң табылады. Бірақ бұл аралық, алғашқы қорытынды, одан кейін тиісті қоғамдық қатынасты іс жүзінде реттейтін сол заңның әрекеті басталатынын айта кету керек.

Пайдалданылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. Конституция 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданды. - <https://adilet.zan.kz>
2. Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 16 қазандағы N 2529 Конституциялық заңы.- <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z950002529>
3. Назарбаев Н.А. О положении в стране и об основных направлениях внутренней и внешней политики на 2002 год. Ежегодное послание Президента республики народу Казахстана // Казахстанская правда. - 2001. - 4 сентября.
4. Нашиц А. Правотворчество. Теория и законодательная техника. - М.: Прогресс, 1974, - 256 с.
5. Керимов Д. А. Законодательная техника. - М.: РАН, 1997. - С.11.

РИЭЛТОРЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ САЛАСЫНДАҒЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР

*Жағалов Р.Б., Азаматтық және еңбек құқығы
кафедрасының аға оқытушысы
Садепхан А. Заң факультетінің 3 курс студенті*

Қазіргі таңда елімізде баспанасыз, пәтерден пәтерге қоныс аударып жүрген көшпенді халық көп. Ел ішіне тұрақты тұратын мекен-жайы бар адамдардың аздығы жылжымайтын мүлік саласындағы риэлторлық қызметтің қарқынды дамуының жетекші факторына айналып отыр. Осы бүгінде сөз болып отырған риэлторлардың қызметінің тиімді тұстарының көп болғанымен халыққа зиянын тигізетін олқылықтарының аз емес екендігі анық. Жалпы кез-келген құбылыстың жақсы және жаман тұсы болатыны сынды осы қызмет иелерінің халыққа пайдасы бір сыпыра болғанымен, кейде зияндары да еселеп тиіп жататындығы бар. Еліміз Тәуелсіздігін еншілеп, егемендіктің жаңа ғасырына аяқ баспастан бұрын яғни сонау 90-шы жылдардан бері мұндай маман иелерімен біздің халық таныс болмаған еді. Қалай жаңа ғасыр төріне аяқ басқаннан бергі яғни 2000 жылдардан кейін ауыл халқының қалаға бытырай көшу үрдісімен бірге басталған